

**Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының
жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 сәуір N 382. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.11. N 1096 қаулысымен. ~P971096

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі:

аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының келісімі бойынша жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің барлық келісімдер мен шарттар бойынша да, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрыннан жүктелген міндеттемелері бойынша да құқықты мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы ұсынылып отырған Ереже б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі аппаратының құрылымы осы аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 1-қосымшаға сәйкес 28 адам болып б е к і т і л с і н .

4. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігіне Бас директордың 2 орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болуына рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің аппараты үшін қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің 2-қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 сәуірдегі
N 382 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік басқару органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының келісімі бойынша жүзеге асырады.

Агенттік, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасы аумағында саланы ұйымдастыру қызметін, аэроғарыш қызметімен айналысатын шетелдіктерді қоса, мемлекеттік реттеу мен үйлестіру мәселелерін дербес жүзеге асырады.

Агенттік белгіленген тәртіппен шетелдік әріптестермен аэроғарыш жұмыстарын жүргізу жөнінде контрактілер жасау мен оны орындау кезінде мемлекет атынан өкілетті орган ретінде қатысады.

2. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының актілерін, ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық келісімдер мен шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Агенттік заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктерде шоты, оның ішінде валюталық шоты, фирмалық бланкісі, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

II. Агенттіктің негізгі міндеттері

4. Агенттіктің негізгі міндеттері:

мемлекеттік аэроғарыш саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру;

Ресей Федерациясы жалға алған объектілер құрамына кірмейтін, "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса, ғылым, халық шаруашылығы, қауіпсіздік және

халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүддесі үшін Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымының сақталуы мен ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету;

Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің объектілерінің пайдалануы жағдайына және сақталуына бақылау жасау;

ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдалану саласында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен, ұйымдарымен және басқа мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасау;

Қазақстан Республикасының аумағындағы ракета-ғарыш техникалары қызмет ететін аудандарда табиғатты қорғау шараларын орындауды ұйымдастыру;

ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу және пайдалану жөнінде мемлекеттік, мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру мен жүзеге асыру;

аэроғарыш, ракета-ғарыштық жүйелер мен аппараттарды, оның ішінде түрлі мақсаттағы ұшатын аппараттарды жасау мен пайдалануға қатысатын ұйымдар мен кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын мемлекеттік реттеу мен үйлестіру;

Қазақстан Республикасында ғарыш және әуе кеңістігін игеру, аэроғарыш техникаларын пайдалану жөніндегі жүргізілетін жұмыстардың Қазақстан Республикасы заңының талаптарына халықаралық құқық нормаларына, мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес келуін бақылау;

Қазақстан Республикасында аэроғарыш қызметін дамыту үшін қажетті құқықтық, экономикалық, экологиялық және ұйымдық нормалар мен жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

II. Агенттіктің негізгі функциялары

5. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және өз құзыреті шегінде:

мемлекеттік аэроғарыш саясатын әзірлейді және жүзеге асырады;

ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдалану жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларға, шетел инвестицияларында жүзеге асырылатын бағдарламалар мен жобаларға Қазақстан Республикасының қатысуы жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды жүзеге асыруға қатысады;

нормативтік құжаттар әзірлейді және аэроғарыш саласының қызметін құқықтық реттеу мен осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде жұмыстар жүргізеді;

ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдалану, түрлі мақсаттағы аэроғарыштық, ракеталық-ғарыштық жүйелерді жасау мен пайдалану саласында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен, ұйымдарымен және басқа мемлекеттермен өзара іс-қимылды іске асырады;

аэроғарыш, ракеталық-ғарыштық жүйелер мен аппараттарды, оның ішінде түрлі мақсаттағы ұшатын аппараттарды жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды үйлестіреді және реттейді;

аэроғарыштық қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлейді және іске асырады;

аэроғарыштық техникаларды сертификаттау мен аэроғарыштық қызметті лицензиялауды ұйымдастырады және іске асырады;

мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесіп Ресей Федерациясының Үкіметі немесе өкілді органдары жыл сайын ұсынатын ракета-ғарыш техникаларын "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшыру жоспарларын қарайды және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ұйымдарда, ғылыми және басқа форумдарда, сауда-саттықта, аукциондар мен көрмелерде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;

ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыш саласы үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

аэроғарыш ғылымы мен ғарышкерлік ашылымдарының, жаңалықтары мен жетістіктерінің, перспективалық ғарыштық технологиялардың, техникалар мен материалдардың ақпараттық-технологиялық банкін құрады және оларды халық шаруашылығының мүддесіне пайдалануға жәрдемдеседі;

аэроғарыш ғылымының, техника мен ғарышкерліктің жетістіктерін насихаттайды, ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу мен пайдаланудағы Қазақстан Республикасының мақсаттары мен жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдары және арнаулы басылымдар арқылы жарнамалайды;

"Байқоңыр" ғарыш айлағының мүліктік және шаруашылық мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді;

мемлекеттік аэроғарыш бағдарламалары шегінде, оның ішінде салалық инвестициялық бағдарламаларды, аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерін пайдалану, конверсиялау және қайта жаңғырту жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды әзірлейді және жүзеге асырады;

1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу Шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы үйлестіру жұмысын іске асырады.

ІҮ. Агенттіктің негізгі құқықтары

6. А г е н т т і к т і ң :

Агенттік жүргізуге қатысты сала ұйымдары, сондай-ақ өзге де заңды және

"Байқоңыр" ғарыш айлағын басқарма бастығы - Агенттіктің Бас

директорының орынбасары басқарады.

8. Агенттіктің Бас директоры Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы алқасының мүшесі болып табылады.

9. Агенттіктің Бас директоры Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының келісімі бойынша Агенттіктің ғылыми-техникалық кеңесін басқарады, оның Ережесі мен құрамын бекітеді.

10. Бас директор Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының келісімі бойынша Агенттіктің штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді, Агенттік қызметкерлерін адам саны мен еңбек ақы қорының белгіленген лимиті шегінде жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 3 сәуірдегі

N 382 қаулысына

1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі -

Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш

агенттігі аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Ұлттық, мемлекетаралық аэроғарыштық бағдарламалар мен халықаралық ынтымақтастық бөлімі

Ғарыштық, ақпараттық технологиялар мен лицензиялау бөлімі

Қаржы және іс жүргізу бөлімі

"Байқоңыр" ғарыш айналған басқару (Байқоңыр қаласы)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 3 сәуірдегі

N 382 қаулысына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 384 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 17, 199-бап).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыш агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 қарашадағы N 1326 Р941326_ қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 шілдедегі N 944 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 384 Р930384_ қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1260 Р951260_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 378-бап).